

Правила проведения ломбардных операций

1. Общие положения

- 1.1 Настоящие правила проведения ломбардных операций (далее – «**Правила**») регулируют порядок и условия предоставления займов ТОО «М-Ломбард» (далее – «**Ломбард**»).
 - 1.2 Заемщики Ломбарда обязаны ознакомиться с настоящими Правилами, которые размещаются в месте, доступном для обозрения заемщиками Ломбарда, а также на интернет сайте www.m-lombard.kz.
 - 1.3 Заемщик, подписывая залоговый билет, соглашается с условиями, содержащимися в настоящих Правилах.
- ### 2. Общие условия предоставления займов
- 2.2 Займы предоставляются Ломбардом наличными в тенге физическим лицам, достигшим 18-летнего возраста (далее – «**Заемщик**»), при предъявлении удостоверения личности или вида на жительство Республики Казахстан (далее – «**Документ, удостоверяющий личность**»).
 - 2.3 При получении займа Заемщик обязан сообщить Ломбарду действительный номер мобильного телефона, который указывается в залоговом билете, для получения им смс-уведомлений Ломбарда. При изменении номера мобильного телефона Заемщик обязан незамедлительно, но не позднее 2-х дней со дня изменения номера, письменно сообщить новый номер Ломбарду.
 - 2.4 Предметами залога могут быть изделия из золота и их части (лом) с пробой от 333 до 999 (далее – «**Залоговые изделия**»). Залоговые изделия принимаются в залог независимо от наличия на них пробирного клейма.
 - 2.5 Сумма займа зависит от содержания чистого золота в Залоговых изделиях, текущей биржевой стоимости золота, наличия в Залоговых изделиях бриллиантов и кредитной истории Заемщика. Максимальная сумма займа не ограничена
 - 2.6 Стандартный срок займа составляет 30 (тридцать) календарных дней с даты выдачи займа Заемщику (далее – «**Стандартный срок займа**») и указывается в залоговом билете.
 - 2.7 Стандартная ставка вознаграждения за пользование займом составляет 0,4% в день. Ломбард вправе устанавливать льготный процент вознаграждения за пользование займом. Размер и условия предоставления льготной ставки вознаграждения устанавливаются в залоговом билете.
 - 2.8 При получении займа Заемщик, являющийся одновременно залогодателем, передает Залоговые изделия во владение Ломбарда. Возврат Залоговых изделий производится Заемщику, указанному в залоговом билете, либо его представителю, права которого подтверждены нотариально удостоверенной доверенностью. После полного погашения Заемщиком суммы займа и вознаграждения, причитающегося Ломбарду.
 - 2.9 Штрафы за досрочное погашение и комиссионные сборы Ломбардом не взимаются.
 - 2.10 При приеме в залог Залоговых изделий Ломбард применяет не разрушающий метод спектрального рентгенофлуоресцентного анализа.
 - 2.11 Ломбард вправе отказать Заемщику в предоставлении займа при несоответствии

Залоговых изделий требованиям Ломбарда, при наличии отрицательной кредитной истории у Заемщика или по основаниям, установленным законодательством Республики Казахстан.

3. Полное погашение суммы займа

- 3.1 Полное погашение суммы займа Заемщиком (далее – «**Полное погашение**») допускается со дня выдачи займа.
- 3.2 При Полном погашении Заемщик выплачивает Ломбарду вознаграждение в следующем порядке:
 - 1) Если Полное погашение производится в течение 5-ти календарных дней с даты выдачи займа, вознаграждение в отношении суммы займа выплачивается за 5 (пять) календарных дней;
 - 2) Если Полное погашение производится по истечении 5-ти календарных дней с даты выдачи займа, вознаграждение в отношении суммы займа выплачивается за фактическое количество дней пользования займом.
- 3.3 Полное погашение производится в филиале Ломбарда, в котором Заемщику был выдан заем, при предъявлении Документа, удостоверяющего личность.

4. Частичное погашение суммы займа

- 4.1 Частичное погашение суммы займа Заемщиком (далее – «**Частичное погашение**») допускается со дня выдачи займа, если сумма займа на день такого погашения равна или превышает 3 000 тенге.
- 4.2 Сумма остатка задолженности после Частичного погашения должна равняться или превышать 1 000 тенге.
- 4.3 Минимальная сумма Частичного погашения составляет 10% от остатка задолженности до Частичного погашения.
- 4.4 При Частичном погашении Заемщик выплачивает Ломбарду вознаграждение в следующем порядке:
 - 1) Если Частичное погашение производится в течение 5-ти календарных дней с даты выдачи займа, вознаграждение выплачивается в отношении (1) суммы Частичного погашения – за 5 (пять) календарных дней, и (2) суммы остатка задолженности после Частичного погашения – за количество дней со дня выдачи займа до дня Частичного погашения включительно;
 - 2) Если Частичное погашение производится по истечении 5-ти календарных дней с даты выдачи займа, вознаграждение в отношении (1) суммы Частичного погашения и (2) суммы остатка задолженности после Частичного погашения выплачивается за количество дней со дня выдачи займа до дня Частичного погашения включительно;
 - 3) Вознаграждение за дальнейшее пользование займом исчисляется от остатка задолженности после Частичного погашения.
- 4.5 Если в залог Ломбарду предоставлены два и более Залоговых изделия, то сумма Частичного погашения распределяется между Залоговыми изделиями пропорционально суммам займа, выданным под залог каждого Залогового изделия.
- 4.6 Частичное погашение может быть произведено в любом филиале Ломбарда при

предъявлении Документа, удостоверяющего личность.

5. Частичный выкуп Залоговых изделий

5.1 Частичный выкуп Заемщиком Залоговых изделий (далее – «**Частичный выкуп**») допускается со дня выдачи займа, если Заемщик предоставил в залог два и более Залоговых изделия под одним залоговым билетом.

5.2 При Частичном выкупе Заемщик погашает сумму основного долга, предоставленную под залог выкупаемого Залогового изделия (далее – «**Сумма выкупа**»), а также выплачивает Ломбарду вознаграждение в следующем порядке:

- 1) Если Частичный выкуп производится в течение 5-ти календарных дней с даты выдачи займа, вознаграждение выплачивается в отношении (1) Суммы выкупа – за 5 (пять) календарных дней, и (2) суммы остатка задолженности после Частичного выкупа – за количество дней со дня выдачи займа до дня Частичного выкупа включительно;
- 2) Если Частичное погашение производится по истечении 5-ти календарных дней с даты выдачи займа, вознаграждение в отношении (1) Суммы выкупа и (2) суммы остатка задолженности после Частичного выкупа выплачивается за количество дней со дня выдачи займа до дня Частичного выкупа включительно;
- 3) Вознаграждение за дальнейшее пользование займом исчисляется от остатка задолженности после Частичного выкупа.

5.3 Частичный выкуп производится в филиале Ломбарда, в котором Заемщику был выдан заем, при предъявлении Документа, удостоверяющего личность.

6. Продление срока займа

6.1 Продление срока займа Заемщиком (далее – «**Продление**») допускается со дня выдачи займа.

6.2 Заемщик вправе осуществить Продление до истечения Гарантированного срока, указанного в залоговом билете.

6.3 При Продлении Заемщик выплачивает Ломбарду вознаграждение в отношении суммы займа за такое количество дней, на какое Заемщик желает осуществить Продление.

6.4 Ломбард вправе (но не обязан) по своему усмотрению разрешить Продление после истечения Гарантированного срока, указанного в залоговом билете. При этом вознаграждение выплачивается Заемщиком за фактическое количество дней пользования займом.

6.5 Продление может быть осуществлено в любом филиале Ломбарда при предъявлении Документа, удостоверяющего личность.

7. Обращение взыскания на Залоговые изделия

7.1 Заемщик, подписывая залоговый билет, предоставляет свое согласие на принудительную внесудебную реализацию Ломбардом Залоговых изделий.

7.2 Гарантированный срок составляет 30 (тридцать) календарных дней с даты истечения Стандартного срока займа (далее – «**Гарантированный срок**») и указывается в залоговом билете.

7.3 После истечения Гарантированного срока Ломбард вправе обратиться взыскание на Залоговые изделия и осуществить их реализацию в принудительном внесудебном

порядке для удовлетворения своих требований.

7.4 Заемщик, подписывая залоговый билет, дает согласие на получение любых уведомлений Ломбарда (включая уведомления о невыполнении обязательств и торгах на заложенное имущество) посредством смс-сообщений, отправленных на номер мобильного телефона, указанный в залоговом билете, и соглашается, что уведомление посредством смс-сообщения является надлежащим уведомлением Заемщика.

7.5 Заемщик, подписывая залоговый билет, подтверждает, что номер мобильного телефона, указанный в залоговом билете, является правильным и действительным.

7.6 Ломбард не несет ответственности за любые технические сбои или иные проблемы любых телефонных сетей, операторов или служб при отправке смс-сообщений, за неправильность и/или недействительность номера телефона, предоставленного Заемщиком, а также за несвоевременно полученную информацию о смене номера Заемщиком.

8. Прочие положения

8.1 При утере залогового билета по письменному заявлению Заемщика выдается его дубликат. Ломбард вправе по своему усмотрению установить плату за выдачу дубликата залогового билета.

8.2 По истечении одного года с даты выдачи займа Заемщику Ломбард вправе потребовать от Заемщика переоформления действующего залогового билета.

8.3 Ломбард имеет право на одностороннее изменение условий настоящих Правил.

8.4 Если какое-либо положение или условие, предусмотренное настоящими Правилами признается недействительным по любой причине, то такое положение или условие будет удалено из текста Правил, а остальные положения и условия Правил останутся в полной силе и действии.

8.5 Права и обязанности Ломбарда и Заемщика, их ответственность, не предусмотренные Правилами, регулируются законодательством Республики Казахстан.

8.6 Заемщик, подписывая залоговый билет, предоставляет Ломбарду свое согласие на получение информационных сообщений рекламного характера (посредством смс, WhatsApp и иных мессенджеров) на номер мобильного телефона, указанный в залоговом билете.

8.7 Заемщик, подписывая залоговый билет, предоставляет Ломбарду свое согласие на сбор и обработку своих персональных данных на бумажных и электронных носителях.

8.8 Персональные данные Заемщика, сведения о сумме займа и залоге являются конфиденциальной информацией и не подлежат раскрытию третьим лицам в любой форме, за исключением случаев, прямо предусмотренных законодательством Республики Казахстан.

1. Жалпы ережелер

- 1.1 Осы ломбардтық операцияларды жүргізу ережелері (әрі қарай – «**Ережелер**») «М-Ломбард» ЖШС-ның (әрі қарай – «**Ломбард**») қарыз беру тәртібі мен шарттарын реттейді.
- 1.2 Ломбардтың қарыз алушылары Ломбардтың қарыз алушыларына қолжетімді жерде, сонымен қатар, www.m-lombard.kz интернет сайтында орналастырылатын осы Ережелермен танысуға міндетті.
- 1.3 Қарыз алушы кепілзаттық билетке қол қоя отырып, осы Ережелердегі шарттармен келіседі.

2. Қарыз берудің жалпы шарттары

- 2.1 Қарыздарды 18 жасқа толған жеке тұлғаларға (әрі қарай – «**Қарыз алушы**») жеке куәлігін немесе Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатын (әрі қарай – «**Жеке басын куәландыратын құжат**») көрсеткен кезде теңгеде қолма-қол ақшамен беріледі.
- 2.2 Қарыз алушы қарыз алған кезде Ломбардқа Ломбардтың смс-хабарландыруын алу үшін кепілзаттық билетте көрсететін шынайы ұялы телефон нөмірін хабарлауға міндетті. Ұялы телефонның нөмірі өзгерген жағдайда дереу, бірақ нөмір өзгерген күннен бастап 2 күннен кешіктірмей Қарыз алушы Ломбардқа жазбаша түрде жаңа нөмірін хабарлауға міндетті.
- 2.3 Кепіл заттары ретінде 333-тен 999-ға дейінгі сынамалы алтыннан жасалған бұйымдар және олардың бөліктері (сынық) (әрі қарай – «**Алтын бұйымдар**») бола алады. Кепіл бұйымдары оларда сынамалық таңбаның болуы не болмауынан тәуелсіз кепілге қабылданады.
- 2.4 Қарыздың сомасы Кепіл бұйымдарындағы таза алтынның құрамына, алтынның ағымдағы биржалық құнына, Кепіл бұйымдарында гауһар тастардың болуына және Қарыз алушының несиелік тарихына байланысты. Қарыздың ең жоғарғы сомасы шектелмеген.
- 2.5 Қарыздың стандартты мерзімі Қарыз алушыға қарызды берген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күнді (әрі қарай - «**Қарыздың стандартты мерзімі**») құрайды және кепілзаттық билетте көрсетіледі.
- 2.6 Қарызды пайдаланғаны үшін сыйақының стандартты мөлшерлемесі күніне 0.4%-ды құрайды. Ломбард қарызды пайдаланғаны үшін жеңілдікті сыйақы пайызын белгілеуге құқылы. Жеңілдікті сыйақы мөлшерлемесін беру мөлшері мен шарттары кепілзаттық билетте көрсетіледі.
- 2.7 Кепіл беруші болып табылатын Қарыз алушы қарыз алған кезде Ломбардтың иеленуіне Кепіл бұйымдарын тапсырады. Кепіл бұйымдары Қарыз алушы Ломбардқа тиесілі қарыз сомасы мен сыйақыны толық өтегеннен кейін кепілзаттық билетте көрсетілген Қарыз алушыға немесе құқықтары нотариалды куәландырылған сенімхатпен расталған өкіліне қайтарылады.
- 2.8 Ломбард мерзімінен бұрын өтеу үшін айыппұлдар мен комиссиялық алымдар алмайды.
- 2.9 Кепілге Кепіл бұйымдарын қабылдаған кезде Ломбард бұзбайтын спектрлі рентгенді флуоресцентті талдау әдісін пайдаланады.

- 2.10 Ломбард Кепіл бұйымдары Ломбардтың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Қарыз алушыда жағымсыз несиелік тарихы болғанда немесе Қазақстан Республикасы заңнамасымен орнатылған негіздер бойынша Қарыз алушыға қарыз беруден бас тартуға құқылы.

3. Қарыз сомасын толық өтеу

- 3.1 Қарыз алушының қарыз сомасын толық өтеуіне (әрі қарай – «**Толық өтеу**») қарыз берген күннен бастап рұқсат етіледі.
- 3.2 Толық өтелген жағдайда Қарыз алушы Ломбардқа келесідей тәртіпте сыйақы төлейді:
 - 1) Егер Толық өтеу қарыз берген күннен бастап 5 күнтізбелік күннің ішінде жүргізілетін болса, қарыз сомасына қатысты сыйақы 5 (бес) күнтізбелік күн үшін төленеді;
 - 2) Толық өтеу қарыз берген күннен бастап 5 күнтізбелік күн өткен соң жүргізілетін болса, қарыз сомасына қатысты сыйақы қарызды нақты пайдаланған күндер саны үшін төленеді.
- 3.3 Толық өтеу Қарыз алушыға қарыз берген Ломбардтың филиалында Жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

4. Қарыз сомасын ішінара өтеу

- 4.1 Қарыз алушының қарыз сомасын ішінара өтеуіне (әрі қарай – «**Ішінара өтеу**») осындай өтеу күніне қарыз сомасы 3 000 теңгеге тең немесе жоғары болғанда қарыз берген күннен бастап рұқсат етіледі.
- 4.2 Ішінара өтеуден кейінгі қарыздың қалған сомасы 1 000 теңгеге тең немесе одан жоғары болуы тиіс.
- 4.3 Ішінара өтеудің ең төменгі сомасы Ішінара өтеуге дейінгі қарыз қалдығының 10%-ын құрайды.
- 4.4 Ішінара өтеген кезде Қарыз алушы Ломбардқа келесідей тәртіпте сыйақы төлейді:
 - 1) Егер Ішінара өтеу қарыз берген күннен бастап 5 күнтізбелік күннің ішінде жүргізілсе, сыйақы (1) Ішінара өтеу сомасына қатысты – 5 (бес) күнтізбелік күн үшін және (2) Ішінара өтегеннен кейін қарыз қалдығының сомасына қатысты – қарызды берген күннен бастап Ішінара өтеу күнін қоса алғанға дейінгі күндер саны үшін төленеді;
 - 2) Егер Ішінара өтеу қарыз берген күннен бастап 5 күнтізбелік күн өткен соң жүргізілсе, сыйақы (1) Ішінара өтеу сомасына және (2) Ішінара өтегеннен кейінгі қарыз қалдығының сомасына қатысты қарызды берген күннен бастап Ішінара өтеу күнін қоса алғанға дейінгі күндер саны үшін төленеді;
 - 3) Қарызды әрі қарай қолданғаны үшін сыйақы Ішінара өтегеннен кейінгі қарыз қалдығына есептелінеді.
- 4.5 Егер Ломбардқа кепілге екі және одан да көп Кепіл бұйымдары берілетін болса, онда Ішінара өтеу сомасы әрбір Кепіл бұйымын кепілге ала отырып берілген қарыз сомаларына пропорционалды түрде Кепіл бұйымдарының арасында бөлінеді.
- 4.6 Ішінара өтеу Жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде Ломбардтың кез келген филиалында жүргізіледі.

5. Кепіл бұйымдарын ішінара төлеп алу

- 5.1 Қарыз алушының Кепіл бұйымдарын ішінара төлеп алуына (әрі қарай – «**Ішінара төлеп алу**») Қарыз алушы бір кепілзаттық билетпен екі және одан да көп Кепіл бұйымдарын өткізген жағдайда қарыз берген күннен бастап рұқсат етіледі.
- 5.2 Ішінара төлеп алуда Қарыз алушы төлеп алынатын Кепіл бұйымын кепілге қоя отырып берген негізгі қарыз сомасын (әрі қарай – «**Төлеп алу сомасы**») өтейді, сонымен қатар, Ломбардқа келесідей тәртіпте сыйақы төлейді:
- 1) Егер Ішінара төлеп алу қарыз берген күннен бастап 5 күнтізбелік күннің ішінде жүргізілсе, сыйақы (1) Ішінара төлеп алу сомасына қатысты – 5 (бес) күнтізбелік күн үшін және (2) Ішінара төлеп алғаннан кейінгі қарыз қалдығының сомасына қатысты – қарызды берген күннен бастап Ішінара төлеп алу күнін қоса алғанға дейінгі күндер саны үшін төленеді;
 - 2) Егер Ішінара өтеу қарыз берген күннен бастап 5 күнтізбелік күн өткен соң жүргізілсе, сыйақы (1) Ішінара төлеп алу сомасына және (2) Ішінара төлеп алғаннан кейінгі қарыз қалдығының сомасына қатысты қарызды берген күннен бастап Ішінара өтеу күнін қоса алғанға дейінгі күндер саны үшін төленеді;
 - 3) Қарызды әрі қарай қолданғаны үшін сыйақы Ішінара төлеп алғаннан кейінгі қарыз қалдығына есептелінеді.
- 5.3 Ішінара төлеп алу Қарыз алушыға қарыз берген Ломбардтың филиалында Жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

6. Қарыз мерзімін ұзарту

- 6.1 Қарыз алушының қарыз мерзімін ұзартуына (әрі қарай – «**Ұзарту**») қарыз берген күннен бастап рұқсат етіледі.
- 6.2 Қарыз алушы кепілзаттық билетте көрсетілген Кепілдік мерзімі өткенге дейін Ұзартуға құқылы.
- 6.3 Ұзартқан кезде Қарыз алушы Ломбардқа Қарыз алушы Ұзартуды қалайтын күндер саны үшін қарыз сомасына қатысты сыйақы төлейді.
- 6.4 Ломбард өзінің қалауы бойынша кепілзаттық билетте көрсетілген Кепілдік мерзімі өткеннен кейін Ұзартуға рұқсат беруге құқылы (бірақ міндетті емес). Сонымен қатар, Қарыз алушы қарызды пайдаланған нақты күндер саны үшін сыйақы төлейді.
- 6.5 Ұзарту Жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде Ломбардтың кез келген филиалында жүргізіледі.

7. Кепіл бұйымдарын өндіріп алуға жүгіну

- 7.1 Қарыз алушы кепілзаттық билетке қол қоя отырып, Ломбардтың Кепіл бұйымдарын мәжбүрлі соттан тыс өткізуіне өз келісімін білдіреді.
- 7.2 Кепілдік мерзімі Қарыздың стандартты мерзімі өткен күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күнді құрайды (әрі қарай – «**Кепілдік мерзімі**») және кепілзаттық билетте көрсетіледі.
- 7.3 Кепілдік мерзімі өткеннен кейін Ломбард Кепіл бұйымдарын өндіріп алуға жүгінуге және оларды өздерінің талаптарын қанағаттанлыру үшін мәжбүрлі түрде соттан тыс тәртіпте өткізуді жүзеге асыруға құқылы.

7.4 Қарыз алушы кепілзаттық билетке қол қоя отырып, Ломбардтың кепілзаттық билетте көрсетілген ұялы телефон нөміріне жіберген смс-хабарламаларының көмегімен кез келген хабарландыруларын (міндеттемелерді орындамау және кепіл мүлкін сату туралы хабарландыруды қоса алғанда) алуға келісімін береді және смс-хабарламаның көмегімен хабарландырудың Қарыз алушыны лайықты түрде хабарландыру болып табылатындығына келіседі.

7.5 Қарыз алушы кепілзаттық билетке қол қоя отырып, кепілзаттық билетте көрсетілген ұялы телефон нөмірінің дұрыс әрі шынайы екендігін растайды.

7.6 Ломбард смс-хабарламаларды жіберу кезінде кез келген техникалық жаңылыстар немесе кез келген телефон желілерінің, операторларының немесе қызметтерінің басқа да мәселелері үшін, Қарыз алушы берген телефон нөмірінің дұрыс еместігі және/немесе шынайы еместігі үшін, сонымен қатар, Қарыз алушының нөмірді ауыстырғаны туралы ақпаратты уақытылы алмағаны үшін жауап бермейді.

8. Басқа ережелер

- 8.1 Кепілзаттық билетті жоғалтқан жағдайда Қарыз алушының жазбаша өтініші бойынша оның телнұсқасы беріледі. Ломбард өзінің қалауы бойынша кепілзаттық билеттің телнұсқасын бергені үшін төлем орнатуға құқылы.
- 8.2 Қарыз алушыға қарыз берген күннен бастап бір жыл өткен соң Ломбард Қарыз алушыдан қолданыстағы кепілзаттық билетті қайта рәсімдеуді талап етуге құқылы.
- 8.3 Ломбард осы Ережелердің шарттарын біржақты негізде өзгертуге құқылы.
- 8.4 Егер осы Ережелермен қарастырылған қандай да бір ереже немесе шарт кез келген себеппен жарамсыз деп танылса, онда осындай ереже немесе шарт Ережелердің мәтінінен өшіріледі, ал, Ережелердің қалған ережелері мен шарттары толық күшінде қалады.
- 8.5 Ережелермен қарастырылмаған Ломбард пен Қарыз алушының құқықтары мен міндеттері, олардың жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелінеді.
- 8.6 Қарыз алушы кепілзаттық билетке қол қоя отырып, Ломбардқа кепілзаттық билетте көрсетілген ұялы телефон нөміріне жарнамалық сипаттағы ақпараттық хабарламаларды алуға (смс, WhatsApp және басқа да мессенджерлер арқылы) өз келісімін береді.
- 8.7 Қарыз алушы кепілзаттық билетке қол қоя отырып, Ломбардқа қағаз және электронды тасымалдаушылардағы өзінің жеке деректерін жинауға және өңдеуге келісімін береді.
- 8.8 Қарыз алушының жеке деректері, қарыз сомасы мен кепіл туралы мәліметтер құпия ақпарат болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей қарастырылған жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға кез келген формада беруге жатпайды.